

БЕКІТЕМІН
«Жәңгір хан атындағы Батыс
Қазақстан аграрлық-техникалық
университетінің» басқарма
төрағасы-ректор
А.М.Наметов.
« 07 » 09 2024 ж.

МЕДИА ОРТАЛЫҚТЫҢ БЕЙНЕМОНТАЖ ИНЖЕНЕРІ

ЛАУАЗЫМДЫҚ НҮСҚАУЛЫҒЫ
СМЖ.07.ЛН.161

Басылым №01

Дана № _____

Дайындалды: 01.09.2024	Келісілді: 06.09.2024	Енгізілді: 08.09.2024
Ж.Ж.Сапашева	У.Б.Таубаев М.Ж.Алмагамбетова Е.К.Тасқалиев Е.Б.Ихсанов Б.Ж.Сахиев	СМЖ.07.ЛН.161 07.09.2018 жыл орнына Қайта қаралды: 06.09.2024

Мазмұны

1. Тағайындау
2. Қолданылуы
3. Лауазымдық міндеттері
- 4 . Жауапкершілік және өкілдіктері
5. Құжаттама
6. Сілтемелер

Өзгерістер				
№	Енгізілген күні	Бет нөмірі	Өзірлеуші	
			ТАӘ	Қолы

1. Тағайындау

Осы нұсқаулық Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне және Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңына сәйкес дайындалды.

2. Қолданылуы

Осы нұсқаулық медиа орталықтың бейнемонтаж инженері үшін жарамды.

1. Лауазымдық міндеттері

3.1. Бейнемонтаж инженері міндетті:

3.1.2. Университеттің ғылыми, оқу және қоғамдық өмірі туралы түсірілім жасау;

3.1.3. Түсірілімге дейін және кейін Медиа-орталық басшысымен және маманымен тығыз байланыста болу, сюжеттер мен түсірілім жоспарларын келісіп, талқылау.

3.1.4. Медиа орталықтың директорымен келісе отырып, репортажды түсірілімдердің қоюшы қызметін атқару, түсірілген материалдың сапасына жауап беруге, репортажды түсірілім уақытында сапасын бақылауға, түсірілімнен келгеннен кейін Медиа орталықтың директорына түсірілген материалдың саны мен сапасы туралы ақпарат беруге;

3.1.5. Бейнематериалдарды жоғары сапалы полиграфиялық орындау мақсатында көркемдеп жасау; бейнемонтаж және суреттерді сандық өңдеу.

3.1.6. Жұмыс техникасын, қауіпсіздік техникасын және өртке қарсы қауіпсіздіктің тиісті жағдайын қамтамасыз етуге;

3.1.7. Арна мен сайт үшін иллюстрациялық және авторлық фото-бейнематериалдар дайындау.

3.1.8. Fine Reader - 4, Acrobat Reader – 4, Adobe PhotoShop – 5,5, Corel Photo Paint – 8, Corel Draw бағдарламаларын үйренуге, кәсіби деңгейін көтеруге;

3.1.9. Бейнетек қорын құру;

3.1.10. Университет өміріндегі негізгі оқиғалардың түсірілімін және архивін жүргізу (ЖОО түсу, мерекелер, ғылыми конференциялар, ірі іскерлік кездесулер, студенттердің оқу бітіруі);

3.1.11. Монтаждың көркемдік-техникалық сапасын қамтамасыз ету;

3.1.12. Монтаждың белгіленген күнтізбелік жоспарға және технологиялық нормаларға сай мерзімін сақтау;

3.1.13. Бағдарлама монтажының техникалық процесін ұйымдастыру және орындау;

3.1.14. Бейнемонтаж техникасының жұмысқа жарамдылығын, қолданыстағы техникалық нормаларға сәйкестігін қамтамасыз ету, бейнемонтаж жиынтығының бағдарламалық және аппараттық технологиялық мүмкіндіктерін жақсартуға шара қолдану;

3.1.15. Бағдарламаның көркемдік-техникалық сапасын жақсарту бойынша шаралар қолдану, монтаж шешімін (жоспарын) жасауға қатысу;

3.1.16. Монтаж уақытын, шығыс материалдарын қолдану (дыбыс-бейне ақпаратты тасымалдаушылары, сервистік аксессуарлар), құрылғылардың (бейнемонтаж кешенінің) жұмыс уақытының есебін жүргізу;

3.1.17. Өз өкілеттіліктері шегінде СМЖ қызметін қолдау.

3.2. Бағыныштылық:

3.2.1. Бейнемонтаж инженері ректордың бұйрығымен тағайындалады және лауазымынан босатылады;

3.2.2. Бейнемонтаж инженері медиа орталық директорына бағынады.

3.3. Бейнемонтаж инженері білуі тиіс:

- 3.3.1. Бейнемонтаждың ұйымдастырылуын және технологиясын, дыбыс режиссурасының негіздерін, дыбыспен көркемдеуді;
- 3.3.2. Бейнемонтаж жабдықтарының техникалық-эксплуатациялық мінездемелерін, конструктивті ерекшеліктерін, тағайындалуын және жұмыс режимін;
- 3.3.3. Бағдарламалық және ақпараттық қамтамасыз ету;
- 3.3.4. Бейне кескіндеу және анимацияның дайындалу негіздерін (соның ішінде компьютерлік) және бейнемонтажда қолданылу технологиясын;
- 3.3.5. Оның техникалық эксплуатация ережесін;
- 3.3.6. Қойылатын талаптарды, қажет болып табылатын бұйымдарды дайындау үшін ұйымның техникалық мүмкіндіктерін зерттеу;
- 3.3.7. Көркем құрастырудың әртүрлі сатыларында (кезеңдерінде) қажетті ғылыми-техникалық ақпаратты іріктеу және талдау;
- 3.3.8. Отандық және шетелдік өнімнің баламалы салыстырмалы анализін және эстетикалық деңгейдегі бағасын;
- 3.3.9. Жұмыс орнын көркемдік жабдықтауда, жарнамалар орналастыруда басқа ұйымдардың тәжірибе анализін;
- 3.3.10. Өз өкілеттіліктері шегінде СМЖ құжаттарын.

3.4 Біліктілік талаптар:

- 3.4.1 Жоғары кәсіби (техникалық) білімі болуы және қызметте 1 жылдан кем емес жұмыс өтілі болуы тиіс;
- 3.4.2 Қызметтік міндеттемеге кіретін барлық сұрақтарды толық көлемде меңгеруі тиіс;
- 3.4.3 Өзінің біліктілігін үнемі жоғарылатуы тиіс.

4. Жауапкершілік және өкілдік

- 4.1. Бейнемонтаж инженері жауапты:
 - 4.1.1. Қазақстан Республикасының әрекеттегі күші бар заңдары шегінде және лауазымдық нұсқамада көрсетілген лауазымдық міндетін тиісті деңгейде орындамағаны үшін;
 - 4.1.2 Қазақстан Республикасының әкімшілік, қылмыстық және азаматтық әрекеттегі күші бар заңдары шегінде өз қызметін жүзеге асыру кезінде жасалған құқықбұзушылық үшін;
 - 4.1.3. Қазақстан Республикасының еңбек және азаматтық әрекеттегі күші бар заңдары шегінде материалдық залал келтіргені үшін.
- 4.2. **Бейнемонтаж инженері өкілетті:**
 - 4.2.1. Өз міндеттемелері шегінде шешім қабылдауға.
- 4.3. **Бейнемонтаж инженері құқылы:**
 - 4.3.1. Тікелей басшысы мен жоғары басшылықтан міндеттерін, қызметі мен қызметтік міндемелерін орындауда бірлесе әрекет етуін талап етуге;
 - 4.3.2. Оның атқаратын қызметі бойынша құқықтары мен міндеттемелерін анықтайтын құжаттармен, қызметтік міндеттемелерін орындау сапасы бағасының критерийімен танысуға;
 - 4.3.3. Ұйым басшылығының қарауына осы лауазымдық нұсқаулықта көзделген міндеттерге байланысты жұмысты жетілдіру жөнінде ұсыныстар енгізуге;
 - 4.3.4. Бөлінген бюджет шеңберінде қажетті әдебиеттер мен мамандандырылған бағдарламалық қамтамасыз етуді сатып алуға.

5. Құжаттама

6. Сілтемелер

ҚР Еңбек туралы кодексі 23.11.2015 ж. № 414-V;

ҚР «Білім туралы» заңы 27.07.2007 ж. № 319-III;

«Қазақстан Республикасындағы Тілдер туралы заңы» 11.07.1997 ж. № 151;

«Басшылар, мамандар және өзге де қызметшілер лауазымдарының біліктілік анықтамалығы» Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік

қорғау министрінің 2020 жылғы 30 желтоқсандағы №553 бұйрығы;

ҚР СТ ИСО 9001-2016 Сапа менеджментінің жүйелері. Талаптар;

Жәңгір хан атындағы БҚАТУ жарғысы;

Университеттің ішкі тәртібінің ережелері.